

12007
1094К

Таңдамалы

ОТЫРАР
КИТАПХАНАСЫ

Тынымбай
Нұрмамбетов

III том



“ОЛКЕ”
БАСНАСЫ

Тынымбай^੭
НҰРМАҒАМБЕТОВ

ТАҢДАМАЛЫ

III том

Повестер:

**Айқай
Бойтұмар
Тұнық су
Шал, мая және жел**



**АЛМАТЫ
2006**

ББК 84 Қаз 7-44

H 86.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылды

Нұрмагамбетов Т.

Н 83 З томдық Таңдамалы шығармалары. 3-том. —
Алматы, “Өлкө”, 2006. — 304 бет.

ISBN 9965-742-50-2

“Айқай” повесі жазушы шыгармашылығындагы елеулі белес дерлік дүние. Әңгіме повестің түрік халқының өмірінен жазылғандығында гана емес, адамзаттық деңгейде ой түйілердей ауыр тағдырдың тілге тиек болуында. Және оның көркемдік деңгейде жазылуында.

“Бойтұмар”, “Тұнық су”, “Шал, мая және жел” повестері әр кездегі ауыл өмірін, ауыл адамдарының мінез-болмысы мен тағдырларын бейнелеген дүниелер.

ББК 84 Қаз 7-44

H 4702250201
00 (05)-06

ISBN 9965-742-50-2

© Нұрмагамбетов Т., 2006
© “Өлкө” баспасы, 2006

Айқау

Алғы сөз орнына

Қандаспыз... салт-тіршілігіміздің тегі бір десек-дағы жазушының өзге халық өміріне қалам тартуының сыры болады.

... 1992 жылдың күзінде бір топ жазушылармен бірге Түрік жазушылары бірлестігінің (илемсам) жиынына қатыстым. Бұл — түрік топырағына алғаш қадам басуымыз. Жиын аралығында Қазақстанда болып жүрген түріктің екі жігітімен ұшырасып, шүйіркелесуден кейін, бізге көрсеткен ықыластары есебінде, олар сол күні ескі Анкара қорғанында болатын биге шақырды. Біз келісе кеттік. Өйткені бізге түрік елінің бүкіл тіршілігі таңсық. Расын айтсақ, таңертенген кешке дейін жиналыста отырудан, қала аралап, әрнәрсені көріп жүру қызықтау. Сонымен, Анкара қорған-тауына жүріп те кеттік. Көп жерлері алып тастармен өрілген ескі Анкара қорған-тауын көрудің өзі не тұрады?! Сол қорған-тауды бір айналып шыққан жан түрік бауырларымыздың ертедегі, жаугершілік замандағы тіршілігінен біраз хабардар болып, арғы тарихы жан алып, жан беріскең соғыстармен ғана байланысты қандас халықтың өткеніне бірауық қиялмен-ақ араласып кетер де еді.

Енді биге келейік...

Қорған-таудың басында өткен биге қатысуышы — төрт түрік жігіті екен. Сырнай ойнаушы да өздерінен. Біз барғанда олардың көрермені де төртеуден артық емес еді. Бізбен толығып, жеті-сегіз болды.

Аяқпен ғана орындалатын осы биді түрік өнерпаздары Ататүрік президенттікке сайланып, алғаш Анкарага келерінде алдынан шығып қарсы алғанда орындаған екен. Сырт көзге

"сонда не кереметі бар екен?" дегізуі де мүмкін қарапайым бидің осындағы, кісіні елең еткізіп, ойландырардай тарихы болып шықты. Сондағы ерекшелік — бидің таза түріктік өнер болуында.

Біздің келуіміз бишілерге шабыт бергендей болды.

Әйтеуір сырттан келгенімізді біліп, олар өнерлерін шын пейілмен орындан жатты. Әуелгіде аяқтарының қозғалыстары ғана бол көрінгенімен, сол аяқ қозғалыстары сырнай әуенімен өрнектеліп, сырнай мақамдарымен қосылып сыр шерткенде, бұл би — өнерсүйер көрерменді бейжай қалдыра қоймас құдіретке ие еді. Бидің таза түріктік болуы себепті, тарихы да аргы замандарға еніп жатыр.

...Қайтар жолда да ескі Анкараның тас қорғандарын тамашалап, біз жаяу темен түстік. Бұл — бір әсер... Екінші әсер... тоқсаныншы жылдардың басында біздің телеэкрандарымыз түрік киносериалдарын беріп жүрді. Жақындастырымызды білдіру нышаны шығар деп топшыладық. Түрік соғысын бейнелеген сол сериялдардың бірінен мен (киноның аты есімде жоқ, түгел де көре алмадым) тау басында өздерінше өмір кешіп, өзге дүниеден бөлек жүрген, алапес дертімен ауырған жандарды (түріктер) көрдім. Тағдыр тәлкегіне ұшырағандарды аяй білер жүректі дір еткізер... бұл да бір әсер еді.

Сонымен, кене түрік би!... ескі Анкара қорғаны... және фильмдегі алапес дертіне ұшыраған түріктердің тағдыры.... уақыт өте келе осы повестің тууына себеп болды.

I

...Ақыры Мехмед ұзак жолға бел буды. Құдай бұйыртса, мұсылманның қасиетті күні жұмаға жүремін деген ойын қыздарына да сәлем етіп айтып жіберді де, өзі ұзақ жолға атын баптай бастады. Уағында шөбі мен жемі, сұы...

Таңертең де, кешкілік те атын жетелеп өзенге бара жатады. Өзеннен қайтып келе жатады... Сондарында иті.

Мехмедтің ендігі серіктері де, мұндастары да осылар... Ит демекші... Осы сапарында итін де ерте шығуға үйғарды. Сұлтаны үй арапал зыр жүгіріп жүрген шағында, көрші үйдің күшігіне қызығып, соны айналып шықпай қойған соң, бір қойға айырбастап алған. Екеудің бірін-бірі көрмесе тұра алмастай тату

еді. Жануар бір таңда ғайып болған серігін іштей әлі іздейтін де шығар-ау. Оның тілін-сырын кім түсініп жатыр.

Енді “бұл да Сұлтаның көріп мауқын бассын” деп ойлаған Мехмед итін де ала кетуді іштей шешкелі, хайуанда болса иесінің осы ойын түсінгендей, соңғы құндері ол да жанынан бір елі де қалар емес.

Адам жалғызсырағанда ғана жан-жануарға жақындал, оның қандай да бір сырын, мінезін түсінуге тырысады-ау шамасы. Соңғы жылдары Мехмедте пайды болған бір өзгелік кейде атының шөп жегеніне, итінің сүйек мұжігеніне де көз алмай қарап, ұзақ уақыт отыра алады. Сонда пендешілікпен жасаған жақсылығына масаттана ма, әлде олардың иелеріне риза пейілдерін аңдал, ләzzат ала ма... бір құдай білсін. Тіпті адам мен хайуандардың өзді-өзі қалғандағы бірін-бірі қыыспайтын өзгелерге беймағлұм жақындығы да осы болмасын деші. Әйтеүір шатырда жалғыз жатқаннан гөрі сол отырысы өзіне жайлы сезіледі, әрі бірауық болса да елегізу, жабырқау сезімдерінен арылады. Тіпті көнілденіп, кәдімгідей сергитін де кездері бар. Сонда итінің сүйек мұжіп болған соң мықтымсып айдалаға арпылдал үргені немесе бірауық керілгені, тоғынған атының оқыранған дыбыстары да Мехмедке қуат әрі айбат бергендей.

Көніліне иті мен аты осы қылыштарын көбінше Мехмед үшін ғана, ризалыштарын білдірмекке жасайтындағы еді де, олардың тоқтығы кейде бұған өзінің аштығын да ұмыттырып жіберетін-ді.

Осылай дүниені нұрға бөлеген ай жарығымен шатырының жанында тұнімен бірге маужырап отырып, тәтті қиялдарға шоматының қайтерсін...

...Ертең жүремін деген тұні де Мехмед шатырының маңында екі қолын беліне салып ұзақ жүрді. Ай да сүттей жарық еді. Ашық қорада қой-ешкілері күйсеп жатыр. “Жануарлардың жатысы-ай!” – деп, маңайлап барып оларға да қарап тұрғанда, қайсыбір сақ ешкілер иесінің келіп тұрғанын сезгендей, бастарын қылтындастып, қозғалақтап, дыбыс беріп маңырағандары да болды.

Алыстан байғыз шақырды. Бұл дыбысқа Мехмед тіксініп қалды. Бірауық қыздарының шатыр алдына лаулатып жаққан отына қарады. Мұрнына қуырылған құйрық майдың іісі келді. Бірақ ол лаулаган отқа жақындаған жоқ. Алыстан қарады. Лаулаған оттың алыста жанғаны адам көніліне үміт... әлдебір жайлыштық... әкеледі екен. Сол лаулаган отқа ұзақ қарап

тұрып Мехмед күрсінді. Күрсінді де, “ертең жүремін...” деп күбір етті. Бірақ ертең жүретіндігі үшін қуанып тұр ма, қорқып тұр ма, анығын өзі де сезген жоқ.

||

...Ол бір замандарда жас түрік жігіттерінің арманы не еді? Ертерек ержетіп, жорықтарға аттану. Жорықтарда да жеңіске жетіп, елдеріне оралу. Сұлу жар сүю, ұл-қызды болу. Ұзақ-ұзақ бақытты өмір кешу. Oho дегеніңіз... Ол замандарда түріктің жас жігіттерінің қандай арманшыл болғанын сіз, сірә, сол жас түріктің өзіндей болып қиял дүниесіне шым батып кете алмаған жағдайда толық мәнін түсіне алар ма екенсіз.

Сенесіз бе, осының бәрі де Мехмедте болды ғой. Торо тауының етегінде ер жетті. Oho, Тороның етегінде ержету дегеннің нендей бақыт екенін білсеңіз ғой! Құнмен таласқан шыңдары қарлы, баурайы кілемдей құлпырған шалғынды Тороның етегінде... биіктен құлаған күміс сулары мейірінді қандырған... ғұлдері қеудене әтір шашқан Тороның етегінде... құстай ұшқан тұлпарлардың жалында қөктегі құстармен... қөктегі бұлттармен жарысып өскен жігітті, пәлі дегенің, бұлтты жарған жай оғы демей... аузы жалын атқан аждаһа құс демей, жай ғана жігіт, жай ғана құдайдың пендесі деуге аузыңыз бара қояр ма еді?

Мехмед солай өсті. Солай ержетті. Сол Тороның етегінен әскерге алынудың өзі аңыздарда ғана айтылар ертегі іспепті емес пе еді? Әскерге бара жатып ерлікпен ғана оралуға бозбала жігіт серт етпеске бәрібір өзін әскерге әспеттеп аттандырған ауылдастарынан үялар еді. Тородай тауынан, елінен үялар еді. Өзін сапарға шығарып салып түрған бейне баурайдың қызылды-жасылды гүліндегі аймақтың ұл-қыздарынан үялар еді. Ал олардан үялмасқа құдайдан үялар еді.

...Сол заманда түрік әскеріне қарсы келер пенде болды ма? Түрік жауынгерлеріне берілмеген, бас имеген ел болды ма? Түріктер келе жатыр дегенде, асқақ таулар аласарған жоқ па? Тасқын дариялар ағынын тоқтатып, жол берген жоқ па? Бар дүниенің көз жасында сел-нөпір жауындарың да сап тыйылған жоқ па? Ал түрік жауынгерлерінің жолына Жетіқарақшы жұлдыздар ғана бағыт сілтеді емес пе? Ай сәуле шашты емес пе? Oho дегеніңіз... сондай заманда түрік жауынгерлерінің

қатарында жұру, сау адамды ауыртқандай, ауру адамды сауықтырғандай оқиға емес пе еді? Құдайдың бүйіртқан бағы шығар, тағдыры шығар, сондай жорықтарда Мехмед түрік жауынгерлерінің сапында болды... Тау... дария... ай... жұлдыздар дейсіз, қалың қол қанмайдан шеруге бастап бір кеткенде... жеріңіздің өзі де дүбірлеп кетпеуші ме еді... Дүбірлекен, тұсірлекен қалың түріктердің аяғы астында сол жеріңіз үрейден де селкілдеп жатпаушы ма еді? Сенесіз бе, сенбейсіз бе, сәйткен көп түріктеріңіздің бірі өзі осы Мехмед едіғой...

Эгей теңізінің Хиос аралы үшін шайқас Мехмед үшін ұмытылмақ емес. Гректермен шайқас айларға созылды. Араптың қалашақтары мен ауылдарында, бектердегі қыстақтарда, жұзім бақтарының арасында, теңіз жағалауында, гректер мен түріктер қылыштасты, балталасты, пышақтасты, алысты, жұдышты...

Гректер оңай жау деп айтқан жанның аузына құм құйылсын, тас тығылсын. Қан судай ақты. Екі жақтан да өліктер баудай түсті. Өлік санап жатуға да мұрша жоқ. Құндіз шайқасты. Тұнде шайқасты. Қапыда бірінің бірі басын алды. Біріне-бірі алыстан пышақ лақтырды. Ретті жерде араптың тасы мен шоқпар, сойыл ағаштары да иесіз қалған жоқ.

Қалай дегенмен де түріктер гректерден басым түсті. Қанша қарсыласып, текетіресіп бақса-дағы ақыры гректер түрік жауынгерлерінің сесіне шыдас бере алмады. Араптың батыс беткейіндегі биік тау-тасқа, орман алқаптарына, жұзім бақтарына қарай қашып жасырынды. Жау қашуға, жасырынуға беттеген соң-ақ жау жүрек түріктер одан сайын ожарланып, көздері қанталап, құтырып кетті емес пе? Гректердің өздеріне көрсеткені аздай... Сен де гректікісің ғой деп, жоталарда қалқыып тұрған жартастарға ұмтылып, селтиген бұтақ, бұталарды да алмас қылыштармен шауып өтті емес пе? Қокте ұшып жүрген торғайлар ше? Түріктер оларды да аман қалдырығысы келген жоқ-ау. Әттең... оларға қолдары жетпеді. Тым болмаса қылыштарының ұшы жетер жерде ұшсашы...

Түрік жауынгерлерінің алдында грек жерінің жандысы түгілі, жансыз тау-тас, тілсіз мақұлық атаулы түгел дірдек қакты емес пе?

Еліріп алған түріктер жауды қуып тауға да барды, тасқа да шықты. Жұзім бақтарын да тінтіді.

...Жұзім бақтары демекші... Сол жолы болған бір оқиға Мехмедтің есіне кейін де жұзім бақтарын көрген сайын түсіп жүрді.

Жұзім бағын баптап жүрген грек шалына бұлар тау баурайында кездескен болатын.

Шал бұлардан сескенген жоқ. Сақалы бір құшақ болып жүріп түрік әскерлерінің алдына жүзімін, нанын, жүзім шарабын қойды. Шарап болғанда қандай! Бойынды бірден балқытып әкетеді... Ал жүзімін жесен аузын толады. Тіл үйірген шәрбет дәмін қайтесіз. Шырын сулары ше? Ішсөң тағы да ішкің келеді. Ішпеске көзің де қимайды.

Жүзімі мен шарабын алдарына қойған соң шал өзі анадай жерге барып дөңбектей ағаш кесіндісіне жайғасып, темекі салынған мұштегін әлсін-әлсін сорып, жүзім мен дәмге үмтүлышқан әскерлерге сырттай қарап отырды. Грек шалы тәкаппар екен. Әскерлерге қолын құсырып мүләйімсіген жоқ. Тіпті әңгімелесуден де бойын аулақ ұстагандай. Мұштегін сәндеп ұстаяуының өзінен де ақсүйектерге ғана тән пандықты аңғару қыын емес еді. Бір жағынан осы мінез оның тазалығы мен тақуалығынан да хабар бергендей-тін.

Шалдың бойындағы осы мінездер онбасыға ұнамады. Қолға түскендердің мәймәңке мінезіне үйренген ол алдындағы шараптан өз сыбағасын ішіп болған соң-ақ орнынан асықлай тенселе тұрып, шалдың жанына барды. Өуелі әрлі-берлі жүрді. Сосын тіл қатпастан шалдың жағасынан ұстап, орнынан тұрғызды. Шал да болар жамандықты алдын-ала сезгендей, қарсылықсыз сілейіп қатып қалған. Онбасының дәрекі қылығына іштей таңданбаған да секілді.

— Атың кім, шал?

— Аркисалай.

— Өлгің келе ме, Аркисалай шал? — деді онбасы оған.

— Өлуге де болар, бірақ немерем бар еді, — деді шал дауысы дірілдеп.

— Ол қайда?

— Эне, анау үйде...

Шалдың “анau үй” деп көрсеткені тау баурайындағы қалың бау арасына тастан қаланып салынған жапырайған жаппа еді. Шалдың өзі сұқ саусағымен шошайтып көрсетпегендे, әскерлер бәлкім ол арада үй бар, үйдің ішінде тіршілік етіп жүрген жандар бар деп ойламас та. Өйткені жаппа үй жүзім бағына аса жақын тұр деуге келмейді. Арада жүзімді алқап пен жаппа үйді бөліп үлкен сай жатыр. Түріктердің өздерін осылай бастап келген жалғызаяқ иір жол да, сылдырап акқан өзен де сол сайда.

Онбасы шал нұсқаған жаққа бұрылған да жоқ, онбастай

жұдырығымен желкесінен бір соққан кезде жерге етбетімен гүрс құлаған шал бірауық қимылсыз қалғандықтан, әскерлер оны бірден жантәсілім еткен де болар деп ойлаған. Бірақ шал әлден уақытта қимылдады. Әуелі басын көтерді. Орнынан әзер тұрып жатып оңбасыға бұрылды.

— Немереме тиіспесеніздер ек-еен...

Онбасы екінші рет соққанда, шал етбетінен тағы да құлады. Бұл жолы шал қайтып қимылға келе алған жоқ...

Жауға өшіккен кезде шалы бар ма, кемпірі бар ма, әлде баласы, қызы бар ма, таңдау болмайды. Бәрібір - жау! Екі жақтың бір-біріне өшігүі сондай – бәрінің де тірі жау қалдырмауымыз керек деген ақылға тоқтаған кезі. Оның үстіне, тәбесі көрініп қалған женістің де түрік әскерлерін едірнедеп тұрғаны тағы бар.

Арқисалай шал үшін қиналған да, қысылған да ешкім болған жоқ. Шал өлген соң да оның жүзімін жеп, мәз-мейрам күйде шырын шарабын ішіп, ішек-сілесі қайтып құлісіп отырғандар да болды. Тіпті иесі өлген соң сол шарап та шәрбәт татып кеткендей бастарын алар емес, ішті... шашты... текті... Арқисалай шалдың шарабы соның бәрінен жетіп жатты.

Онбасы бір кезде Мехмедті шақырып, саусағымен шалдың әлгінде көрсеткен үйін нұскады. Тапсырма айтылmasa да, түсінікті.

...Баурайдағы жалғыз жаппа үйдің тұрған жерінің өзі Мехмедті таңдандырды. Жаудан қорғанып салса керек, жанжағын таспен өріп, бір жағын тас монша етіп салған бұл үйге апарар жол да жалғыз аяқ сүрлеу ғана екен. Оның өзін қаулап өскен тау шөбінің арасынан әзер табасың. Үйге бару үшін Мехмед тастақты жолмен өрмелеп бара жатып: “Өсірген бауын қарай гөр”, – деп үй айнала егілген биік шынарларға таңдана қараумен болды. Таспен өрілгендей үйге сырттай айбат бергенімен, іші жұпның екен. Тастан соғылған жеркепе десе де болады. Үйге кіре берісте Мехмед сақтық үшін қылышын онтайлады. Қылышын онтайлауы: “Шал айтқан баланың басын бірден қағып салып, қайтып кетейін”, – деген ойға да бекінгендей-тін. Осы ойына кедергі болған да ештеңе болған жоқ-ты. Үй ортасындағы жер-ошақ жаңында қолына таяқ ұстал отырған тоғыз-он шамасындағы баланың бұған айбат жасайтындаш шамасы да жоқ еді. Ап-арық, әлжуаз бала өлімді ғана мойындал отырғандай еңсесі түсулі-тін. Мехмед ештеңеге аланда мастан қылышын бір-ақ сермен кері қайтуға біржола

оңтайланған. Сол оймен қылышын жоғары көтерді де. Бала ештеңені елен-құлан етпегендей отыра берді. Көзін аударып түрік жауынгеріне қарамады да. Оның осы қаперсіз мінезі Мехмедті таңдандырды. Атасы болса анау... Жол-жәнекей Мехмед ол жөнінде: “Байғұс шалды бекер-ақ өлтірді, жас жігіт болса бір сарі. Ертең, аргы күні онсыз да өлуге дайындалып жүрген грек шалынан түріктерге қандай қауіп бар еді?” – деп ойлаған. Бірақ немересін міндettі түрде өлтіру керектігін ұмытқан жоқ. Өйткені ол ержетеді. Кек мәңгілік. Демек, олардың үрпақтары да — түріктердің мәңгілік жауы.

Кірген адамнан жау екен-ау деп сескенбеуі — баланың тым сарауыздығы әрі бейкүнәлігі деп ойлаған ол қылышын төмен түсірді. Іштей: “Осы бала аман қалған күнде де ешкімнің қорғанын бұзып кіре қоймас”, – деген ой келді тағы да Мехмедке.

— Aha-a-a! — деп қаһарланып айқайлап еді, бала сол сәтте ғана басын көтеріп, кекшіл көздерін қадап бұған қарады. Бірақ көзінен өштік байқалмады. “Сіз бе едіңіз?” дегендей, сарауыз баланың анқау жүзінен таңдану сезімі ғана анғарылды. “Бірақ бұл да грек қой. Бұл да жау ғой”, – деп ойлады осы сәтте Мехмед қылышын жоғары көтере беріп.

Ол қылышын екінші рет қайта түсірді. Қылышын қайта түсіртken тағы да баланың жабырқау жүзі мен бейкүнә қалпы еді.

Мехмед мақсатын екі сөзге келтірмей орындаған әскер секілді тас жаппадан ізбе-із қайта шықты да, қылышын қынабына салды.

Софыста жауын аяу сирек болатын іс. Біреуді аярмын-ау деген ой өзінде де болған емес. Ойда-жоқта жоспарының осылай іске асқанына Мехмед қайтар жолда таңданып та келе жатты. Осы ісін біліп қойса ғой, онбасы да мұны жетістірмес еді. Бірақ солай еткеніне ол іштей өкінген жоқ.

...Жорықтары Хиоспен де біткен жоқ. Эгейдің аралдары да көп екен. Гректер де көп екен. Бір аралдан екінші аралға түрік әскерлері қайықпен өтті. Салмен жылжыды. Қарғадай қонақтап кемелерде де отырды. Оно, сұлтан Сәлім бастаған бұл соғыс түрік жауынгерлерінің мәртебесін дүниеге бір көтеріп тастамады ма? Ал сұлтан Сәлімнің мәртебесі ше? Жауынгерлер жорықтарда құдайға бастарын бір исе, сұлтан Сәлімге екі рет иді емес пе?

Ақырында бұлар қайықпен, салмен жылжып, кемемен жүзіп

жүріп, женіспен елдеріне де қайтты. Елге женіспен қайту дегеннің құны мен салмағын сезіну үшін дүниеге келген әрбір жан түрік әскерінің қатарында тым болмағанды бір рет жорыққа қатысса ғой, шіркін!. Бәлкім, сонда елге женіспен оралу дегеннің мәртебесі мен ләззатын там-тұмдап сезінер еді. Жұрттың аузында сұltан Сәлім. Жұрттың аузында түрік әскерлерінің ерліктері. Түрік елінде де неше түрлі мақтаншақтар болған ғой. Олардың құйқылжыған әңгімелерін тыңдасан, тіпті түрік әскерлерінің құрамында бірде-бір сұжурек болмапты. Бәрі бірдей батыр, жаужүрек. Түрік қатындары тек қана хас батырларды туады екен. Түрік еркектері хас батырларды ғана туғызады екен.

Бірақ женген елге қалай айтса да жараспай ма?

Әрбір қала, елді мекендер өздерінің жорыққа кеткен әскерлерін мереке-тойлармен қарсы алып жатты. Оларды мақтан етіп, төбелеріне көтерді. Сол қадірлі көп жауынгерлердің бірі болып Мехмед те өзінің сүйікті мекені Тороға оралды. Сағыныш пен соғыстың көп әңгімесі де қашанға созылсын. Өз ауылyna деген сағыныш мауқы басылған соң, Мехмед көрші ауылдарға қыдырды.

Соғыстан келген жігітке ел аралауда, қыз көру де бір фанибет екен. Тороның жықпыл, қойнауларын мекен еткен йөріктердің аққойлы, қарақойлы, сары ешкілі, қара ешкілі деп аталатын ауылдарын аралап қыз таңдады.

Сұлу құшу бала күнінен арманы еді. Йөріктердің шатыр үйлерінің саңлауынан ұрланып қана қарайтын ұялшақ қыздарына бұл да ұяла көз тастады. Соғыстан женіспен оралған түрік жігітімен бірер ауыз тіл қатысадан олар да қашпайтындаид. Бірақ шеттерінен ұялшақ. Тороның сай-саласында арулар қандай көп еді! Ауылдарды емес, бейне баурайлардан сансыз гүлдерді аралағандай болды-ау, шіркін-н!.

Ақыры сары ешкілі йөріктерінің ішінен Айшені тапты. Сарыешкілік йөрікгер де қызымызды Мехмедке бермейміз деп бұлданған жоқ. Мехмедтің ағалары мәре-сәре болып барып, Айшені әкеліп келін етіп түсірді. Бұдан артық Мехмед үшін бақыт болды ма?

Айшедей сұлу бұл өнірде кем еді. Аққудай сымбатты. Аққудай аппак. Аққудай қылықты, ұялшақ. Мамырлап жүргені де... кісіге бұрылып қарағаны да... Құдайым-ау, тіпті алғаш келін бол тұскен кездері оны тек қана аққудың көгілдірі дер едің!

Мехмедте бұдан артық арман бар ма еді. Екеуіне ағалары бөлек шатыр тігіп, алдарына мал салып берді. Бұл ретте сарыешкіліктер де қыздарынан аяп қалған жоқ. Тәбесінде ақ шатыр үйі бар, жамбасында ақ тәсегі, қойнында аққудай келіншегі бар, алдында ақтылы қой-ешкісі бар түрік жігіті де одан әрі құдайдан не тілеуі керек екенін Мехмед әлі ойланып та үлгерген жоқ-ты. Ілki армандары неге болмасын, бар шығар-ау. Бар болғанда, оның бастысы үрпақ емес пе?

Құдай Мехмедтің бұл арманына да сарандық жасаған жоқ. Бәрі де Айшеден аумай қалған Фатма, Айнұр, Гүлдан, Өзләм атты дүниеге төрт қызы келді. Төртеуі де үріп ауызға салғандай. Мениң де осындай қыздарым болса екен деп өзге жүрт қызыққандай. Бұдан артық арман не тағы? Арман... арман... Тәнірім арманның таусылған күнін айтшы?! О, жаратқан ием, арманы біткен жанды көрсетші?

Үріп ауызға салғандай төрт қыздан кейін бұларға тағы бір үл керек екен. Жасаған ием, үл болмаса бәрібір мына дүниенің қызығы болмайтын секілді.

Тіпті бір үлсyz қырық, қызыңың да қадірі шамалы ма, қалай... Жо-жоқ, қалайда үл, ү-л... Кейінге үрпағымды қалдыrap үл... Кейінге атымды қалдыrap үл... Үл!

Енді Айшемен екеуі жаратушыдан жалбарынып үл тіледі. Ана үріп ауызға салғандай төрт қыздың ортасында бір жылауық үл... әлде жан-жағына ойран салып отыrap ожарбас үл болмаса көңілдері көншімейтіндей болды.

Өстіп жүргенде дүниеге Сұлтан келді. Сұлтан! Атын берген де өзі. Мұрат сұлтандай, Баязит сұлтандай, Сәлім сұлтандай жорықтарда қол бастаса екен... солардай ел бастаса екен деп тіледі.

О, пейілі кең Тәнірі!.. Жарылқаушы ием! Саған да тіл тигізетіндер бар ма дүниеде? Саған да күдік келтіріп, көңілі қалатындар көп пе тіршілікте?!

Айше мен Мехмед риза. Көңілдері шат. Сұлтан да ай санап, жыл санап өсіп жатты...

III

Тоғыз жасар Дионис кеше таңертең жеміс суын ішіп отырғанда атасы өуелі бұған ұзақ қарап отырып, кенет:

— Ертең мені түріктер өлтіреді, ал сен аман қаласың, балам, — деді.

Бала таңданыспен, әуелі жеміс сұы құйылған құтыны жанына қоя беріп, бұрылып атасына қарады. Сосын үзіп аузына сала беруге оңтайлаған бармақтай жүзімге карады. Жалт-жұлт ете қалған көкшіл көздері осы сәтте “Қалайша? Сені өлтіріп, олар мені неге аман қалдырады? Сен өлген соң мен не істеуім керек?!” – деген жұмбақ сұрауларды аңғартса, жүзімге назарының ауғаны — “Өлім хабарын естігеннен кейін де адам жүзім жеуін жалғастыра беруі керек пе, әлде жемеуім керек шығар...” – деген аңғал ойдың әсері еді.

Баланың жауабын күтпестен-ақ атасы тағы да:

— Сен өлмейсің... Сен оны өлтіретін боласың! — деді.

Бала ештеңеге түсінбегенін аңғартқандай оң иығын бір қозғаған сәтте де саусақтарының арасына қысып аузына тақап ұстап отырған жүзімнен көзін аударған жоқ.

Әулие тұқымдарына жататынын, арғы аталарынан бері қөріпкелдікпен, емшілікпен айналысатын, өзі де әйгілі қөріпкел, әрі емші Аркисалай атасының сөзіне бала Дионис таңданған жоқ. Атасының айтқанының айна-қатесіз келеріне де күмәнданбады.

Атасын жүзім бағына шығарып салған баланың ойы өзге ештеңеге аландағады. “Атамды бұғін расында да түріктер өлтірер ме еken? Әлде атам тірі қалар ма еken? Әулие-қөріпкелдер де кейде қателеседі деп атамның өзі айтқан жоқ па еді. Атам осы жолы қателескен болса, қандай жақсы болар еді”. Баланың басынан кетпей қойған осындай ойлар оның басқа бірдеңемен айналысуына да бөгет болғандай еді. Одан әрі жүзім жеуін де доғарды. Жүзім сұын да ішпеді. Ешкілерді саумады. Атасы өз қолымен пісіріп, қатып қалмас үшін ешкі терісіне орап қойған нан да желінбеді. Әдетте бұғін монша жағатын құндері еді. Атасы келгенше от жағып қоя берсе де болатын-ды, бірақ оған да ынтасты болмады. Ынтасының болмағаны... атасының бұғін түріктердің қолынан бәрібір өлеңтінін іштей мойындағандай үнжырғасының түсуінен еді.

Үйден далаға шықты. Даладан үйге кірді. Түске дейін үйіне бөгде ешкімнің келмеуі — оны атасы енді аман қалатындей үміттендіріп те қойған.

Бесін ауар шақта ғана ылдидағы жалғыз аяқ жолмен өрлеп келе жатқан әскерді қөріп, баланың үрейден жүзі қуарып кеткен. Атасының өлгендігіне енді амалсыз сенгендей болды. Келе жатқан әскер қайратты жігіт екен. “Ал енді мұны қалай өлтірмекпін?” – деп ойлады бала, түрік әскерін өлтірмесе атасы қатты өкпелеп қалатындей қөрініп. Тығулы жатқан атасының

Қылышы да, қанжары да бар. Бірақ бала оларды қолына ұстайға да қорқатын. “Сенен жауынгер шықпас. Сен бабаларыңың жолын қыып, әулие-көріпкел боларсын тұби”, — дейтін атасы. Дегенмен атасының қылышы мен қанжары салынған ескі әбдіреке қарай жүзін бұрып, дірілдеген саусақтарын әбдірениң қақпағына жақындана берген.

Бірақ қылыш пен қанжарды алуға баланың бәрібір батылы бармады. Ала қойған күнде де мына келе жатқан түрік әскеріне қарсы тұра алмасына амалсыз көндіккендей, абдыраған бала қолында босағада сүйеулі тұрған атасының таяғын ұстаған күйі ошақ жанына отыра кетті. Ошақтағы қалың құл арасында атасы тығып кеткен таңертеңнен қалған шоқ бар. Сол көмүлі шоққа қарап отырып бала: “Бәлкім, әскерді мен өлтірмеспін, ол өзінен-өзі өліп қалар”, — деп ойлады, өз міндеттін орындан шығарына сенбеген соң-ақ беймағлұм бір күштің көмегінен ғана үміттенгендей.

Тұла бойын үрей билеп, қеудесі де дүрсілдеп қетті. Бірақ дүрсілдеген өз жүргегі екенін де бала толық сезген жоқ. Өйткені ол жүргегінің дәл қай жерде екенін де әлі анық білмейтін. Атасының таяғын ұстаған қолдары да қалтырап тұрғандай. Әне, тас басқыштармен жоғары өрлеп келе жатқан түрік әскерінің аяқ басқан дыбысы да жақынданап қалды.

Кеудесінен ат шауып бара жатқандай дүрсіл күшейе түсті. Міне, келді... Есікке жақындасты... Енді үрейден қайда қашарын да білмей сілейіп отырған бала Дионис: “Бұл түрік әскерін мен енді қалай өлтірсем еken? Атамның маған осыншалық қыын шаруа артқаны қалай?” — деп ойлады.

Мехмед үйге кірген сәттегі грек баланың халі осындағай еді... Жауынгер қайта бұрылып кеткен кезде бала: “Түрік жауынгері өлген жоқ қой. Мен оны өлтіргенім жоқ. Бәлкім, атам да өлмеген болар. Құдай біледі, өлмеген шығар”, — деп ойлады іштей қуанып.

Оның ең соңғы үміті де осы ойы-тын. Бала қуаныштың әсерімен түрік жауынгеріне ілесе тұрып кетпек ниетпен көтеріле беріп, қайта отырды.

Түрік әскері ұзап кеткен соң да Дионис атасының тірі қалуын ғана ойлай берді де, осы ой өзін аздап болса да көңілдендіріп жібергендей үй ішін жинастырды. Ешкілерді сауып, сүтін пісірді. Далаға әлденеше шығып, әлденеше кірді. Ондағысы — атам көрініп қала ма деген үміт. Бірақ атасы әлі көрінер емес.

Бала қолымен мандайын қалқалап тұрып, батуға таянған

күнгө де қарады. Жоқ. Атасының күндегі келетін уақыты өтіл кетті.

Бала күн батып кеткен соң да атасын ұзак күтті. “Тұріктер атамды шынымен-ақ өлтірген болды-ау. Бәсе, ол кейде біздің тұқымда көріпкелдіктен қателескен жан болған емес деуші еді. Өлген болды-ау”, – деп ойлады бала үй алдыңда мұнайып отырып. Әлгіндеңі бойын билеген үміт те ізім-қайым жоғалып, кешкі қараңғылықпен бірге көңілінде үрей бұлты тұтасып келе жатты.

Атасына арнап пісірген ешкі сүтін ішпеді. Жеміс сұынан да татпады. Тіпті ешнәрсеге де тәбеті жоқ. Төңіректі де, бала көңілін де қараңғылық тұмшалап алғандай.

Кешкі тау самалына жүзін тәсеп отырып бала кенет бір ойға кетті. “Жүзім бағына барып атамды өзім іздел қайтсан қайтеді? Бәлкім, атам өлмей, жарақаттанып, менен көмек күтіп жатқан шығар”.

Осы ой баланы батылдандырып жібергендей, ол бірден орнынан тұрып кетті.

Бұл кезде жеңтабақтай болып ай да көкке көтерілген. Сақтық үшін бала қолына атасының қылышын әлде қанжарын алууды ойлап, бірақ бәрібір тәуекел етпей, атасының таяғынғана ұстап, енді жүзім бағына қарай беттеп бара жатты.

Дионис осы уақытқа дейін тұнделетіп, тап қазіргідей жалғыз жүріп көрген емес еді. Атасынан бір елі де ажырап көрмегендіктен болар, бойынан үрей арылған жоқ. Төменде доңғалақтары тоқылдалап кетіп бара жатқан өгіз арба да (тұріктер әлде гректер екенін білмей-ақ) қорқынышты көрінді. Төбесінен ұшып өткен қара қарғалар да бала денесін дір-р еткізді. Ай жарығымен көлбендерген биік шынарлардың көлеңкесі ше?

Үрейленгенде ол өз-өзінен қалай қатты жүріп кеткенін де андаған жоқ. Тіпті дедек қағып кетті десе болар. Бірақ сонша жылдам жүрсе де, кісі қорыққанда шаршағанын да білмейді екен. Баққа қарай биікке өрмелеп келе жатып та ентікпеді. Тіпті әншайінде талай аралап жүрген жүзім бағы да осы жолы әрбір жүзім сабағының түбінде бір-бір түрік мұны аңдып отырғандай қорқынышты-тын. Дионис әрі-беріден соң: “Атамның қылышын неге ала шықпадым? Әншайінде ғой қылышынды әперші, көрейін, кішкене ұстап жүрейін деп оның басын қатырап едім”, – деп өзіне-өзі қатты ренжіді де. Қыңқылдалап жылаған сәттері де болды-ау. “Ал енді неге алмадым? Қылышты бермей қойған ешкім жоқ қой”.

Бала өз-өзіне ренжумен бірге қорқақтығын да осы жолы анық мойындағандай болды.

Ай жарығымен бақ арасының жалғызаяқ жолдары, әбден піскен жүзім собықтары да көзге ап-анық көрініп тұрды. Аркисалай атасы өмір бойы жүзім баптаған кісі. Жүзім есіруде ол кісі білмейтін түйткіл жоқ. Тіпті осы өңірдегі жүзім өсіруге жаңа талап қылып жүрген гректер де арнайы келіп осы кісінің ақыл-кеңесін алып кетер еді. Тіпті ол кісінің: “Немереме Дионис деп жүзім мен шарап жасау құдайының есімін әдейі бердім”, – деп дос-жарандарына талай рет айтқанын да бала өз құлағымен естіген.

Бала бақ арасымен әрлі-берлі біраз жүрді. Бір-екі рет: “Ата-а! Ата-аа!” – деп айқайлады да. Ешқандай жауап болған жоқ. Ешкімнің ыңырысыған үні де естілмейді. Тау қойнауында ызындаған желден өзге ештене қалмағандай. Атасының анда-санда тыныстап отыратын, қонақтар келіп қалса қабылдайтын, айнала кесілген ағаш түбірлерінен кеспелтектер қойылған алаңқайы болатын. Ол кейде ас-ауқатын да сонда жейтін.

Бала алаңқайға келіп аялдай беріп, әуелі аударылып-төңкеріліп жатқан шарап ыдыстарын байқады. Шашылып, аяқ асты болған жүзімдерді де көрді. Әрине, ол әуелі атасының осындағы бей-берекеттікке жол бергеніне таңданды да, сосын барып басына: “Атам тірі болса, бұлай болуы мүмкін емес қой”, – деген ой келді.

Бала әлдебір үрейді алдын-ала сезгендей, осы сәтте ғана аласұрып жан-жағынан атасын іздей бастады. Ақыры тапты да. Кеспелтек ағаштардан алыстау жүзім сабактарының тасасында етбетінен жатыр екен. Үрейден қыстыға дауыстаған бала шалдың үстіне құлай кетті.

Дионис өліп жатқан атасын құшақтаған қүйі бірауық жылады, бірақ дауысын шығарып қаттырақ жылауға қорықты.

Тұннен әлде түріктерден қорыққанын білген жоқ. Одан әрі түрегеліп, не істерін білмегендей, тоңған тізелерін құшақтап, жан-жағына ақыра қарап отырып қалғыды да, әбден үйқы жеңген кезде атасының қан сіңген кейлегіне бетін басып, бешпетінің шалғайын жамылып жантая кетті. “Өліктің жанында жатырмын-ау”, – деген ой әуелі болған, бірақ қалың үйқы үрейді де жеңеді екен. Керісінше, сол тұні оған екі нәрсе серік болды. Біріншісі — аспандағы ай, екіншісі — өліп жатқан атасының денесі еді. Әуелде жел де серіктікке жарағандай еді, әттең ол бірте-бірте үдей соғып, баланы әбден тоңдырды.

Тұн ортасында оянған сәтінде де ол аспандағы айға бір,

жанындағы атасына бір қарады да атасының сұл-сұық, денесіне қарай тығыла түсіп, қайта үйіктап кетті.

Соғыс жағдайында тау арасына шашырап мекендерген ауылдарға хабар айтып жүрудің өзіне батылы жетпеген Дионис атасын таңертеңгілік жүзім бағының арасына өзі жерледі. Ол атасының достарының өлі... тірілігінен де бейхабар еді. Атасына еріп әлденеше қазаға барғаны пайдаға шықты. Тек қана жерді тереңірек қазуға оның қайраты жетпеді. Әулиелер тұқымынан болғандықтан, қазаларда атасы оқитын дұғаның үзіктері санасында жатталып қалған бала атасына сол дұғаларды өзі оқып отырып: “Менің қазаларда жанына бекер еріп жүрмегенімді біліп қуанатын болды-ау”, – деп ойлады ішінен.

Бала жалғыз өзі тастан қаланған жаппа үйде бір күн жүрді, екі күн жүрді... Бір жеті, екі жеті жүрді. Тұнде ай серік... Күндіз ешкілер мен ағаштар серік. Кейде таудан соққан самал да әлдеқалай көнілін сергіткендей болғанымен, жел үні оған әрқылы әсер ететін. Кейде қорқып бүрісіп те отырады.

Жалғыздыққа да үйренейін деді. Тіпті жалғыздыққа әбден үйренген сэтте, адам да ешкімді көргісі, ешкімге қосылғысы келмейтін де міnez қалыптасатын секілді. Ойда жоқта тасыр еткен дыбыс естілсе, бұрын іштей “е, ешкілер шығар... болмаса атам шығар” деп қаперсіз отыра беретін бала енді селк етіп орнынан тұрады да, жан-жағына қарайды. Сөз жоқ, оқыс дыбысты жаратпай, дыбыс басылған соң да әлдеқанша уақыт секемденіп отырады.

...Баланың тағдыры әуелден-ақ қыын басталған. Атасының айтуы бойынша, Дионистің дүниеге келгеніне екі-үш ай толған шақта да түріктермен арада осындай соғыс болып, баланың әке-шешесі, әкесінің үш інісі бірдей қаза болған.

Дионистің ес білгелі көрген-баққаны – тек осы Аркисалай атасы. Тау баурайындағы тас жаппа үй... жүзім бағы... Теніз жағасында тұратын Аркисалайдың ағасынан тараған үрпақтар болушы еді. Олар да хабарсыз.

...Қайтыс болғанына екі жеті болды деген шақта әулие атасы балаға аян берді. Аян бергені шығар, атасы мұның құлағына ап-анық етіп:

— Балам, енді мұнда қалма, — деп сыйырлады.

Осы бір құпия сырды атасының аузынан әлденеше естігенімен, өз басынан бірінші рет өткеріп отырғандықтан да

бала аузы ашылып, айран-асыр күйде әлгі дауысқа соншалық үйіп отырды...

Тіпті ол: “Атам ғажайып бір күштің әсерінен тіріліп, жаныма келіп қалмады ма екен”, – деген оймен жан-жағына да қарады. Ешкім жоқ. Соナン соң осы бір тылсым, құдіретті қүшке амалсыз көндіккендей бірауық қекке қарап менірейді де қалды...

Атасының тірі кезіндегідей мейірімді үнін естіген соң Дионис көңілі босап, әуелі кемсендеп жылап отырып, әрине, әулие атасының әлгі сезді тегін айтпағанын да түсінді.

Әр түрлі оймен толқып, тағы екі күн жүрді де, бала қолына ішіп-жейтіндерін салған өсімдік сабактарынан тоқылған дорбасын, атасының таяғын ұстап, тас жаппа үйін, ешкілерін, жүзім бағын амалсыз тастап, теңізді бетке алып жүріп кетті. Бала да болса Дионис осылай туып-өскен үйін, мекенін тастап кету қайғысын басынан кешіп, ол ұзап барып тас жаппа үйіне қайта бұрылып қарағанда, баланың көзіне мәлтілден жас үйірілді.

Лақтарымен қосылып иелерін біраз жерге дейін шығарып салған байғұс ешкілерін айтсанышы... Өздерін иелерінің біржола тастап бара жатқанын сезген бе дерсің. Ұрсып, үркіткеніне де көнбекен соң, Дионис ақыры оларды қалың ағаш арасына адастырып кетті...

Осындаи опасыздыққа баармын, деп ол әсте ойламаған да еді. Сондықтан болар өзінің осы мейірімсіздігіне қамырып жылап келе жатып, көз жастарын алақанының сыртымен сұртумен болды...

Мақсаты — теңіз жағасындағы хабарсыз кеткен туыстарын іздеу-тін.

Дионис жеті жасында атасымен бірге ол жаққа барған. Отырған жерлері де, қыстаққа баар жол да баланың еміс-еміс есінде. Бірақ түріктердің көзіне түсіп қалмас үшін бала бұл жолы әдейі үлкен жолға жоламай, жолдан ұзап та кетпей... орман-бұталардың арасымен жүріп отырды.

Ол жол-жөнекей ашықкан жоқ. Тамылжып піскен мандарин, апельсин, алмалардан тау баурайы аяқ алып жүргісіз еді. Тіпті Дионис әлі аттарын біліп үлгірмеген жеміс түрлері де көп екен.

Бұтақтарға қол созып жатудың да қажеті жоқ еді, олардың өзі жерде шашылып жатыр немесе “мені жеші” деп жемісін кетере алмаған бұтақтар жолын кес-кестеп өз-өзінен иліп тұр.

Үнемі жүрістің әсері болар, баланың тұла бойы тершіген кездері де болды. Ондайда Дионис өз денесінен жиіркеніп келе жатып, жолға шығар алдында моншаға түсіп алмағанына

да өкінді. Атасы марқұм моншаны қандай жақсы көруші еді. Монша жаққан күні өзге шаруамен ісі де болмайтын. Кейде әлдебір жайларды ақылдасуға достары, таныстары келсе де, алдымен монша жағуға кірісер еді. Содан монша әбден қызған кезде абыр-дабыр әңгіме-құлқімен шешініп жатқандары. Ол күні әр түрлі шаралтар мен жүзім сулары құйылған құмыралар да бірінен соң бірі босап жатады.

...Осыдан екі жыл бұрын атасы мұны теніз жағасындағы туыстарына оқуға апармақ болғанда, өзінше қуанып, сәскеден-ақ монша жағуға кірісе бергені сол еді. Алдымен атасының байырғы достары Агенора мен Соломос келді. Олар аман-саулық сұрасып бітпей жатып-ақ жас шамалары тіпті кішілеу Перикл мен Пелид келіп қосылды. Сол күнгі моншадағы думан Дионистің ойынан әсте шыға қоймас. Бұы бұрқырап қызған моншаның іші бірде гүрің-гүрің әңгіме, бірде құлкі... кейде жабыла шырқаған ән. Осылай болуы баланың үлкендермен моншага алғаш түсі болғандықтан ба, соншалық қызық көрінді. Дионис қатты ыстыққа шыдай алмай, сыртқа атып шығып мұздай суға күмп береді де, тұла бойы салқындаған сәтте моншага қайта кіреді. Үлкендер мұның осы қылышына да күліп, әр тұстан әжуалап, дабырласып жатты. Ал Диониске көпшілікпен бірге болудың өзі қызық еді.

Шарап, жүзім суларынан құмыралар бірінен соң бірі босап жатты да, атасы бір кезде Дионисті тағы да шарап әкелуге жұмсағанда, бұл сыртқа атып шығып, әуелі мұздай суға күмп берген. Тағы бір есте қалғаны — әншейінде бұлттан арылмайтын аспанның сол күні шайдай ашық болуы-тын. Тіпті күн қандай ыстық еді десенші. Әлде ыстық монша сол жолы күнді де ысытып жіберіп пе еді?

Әбдіренің жанынан шарап құйған құмыраны құшақтай бере есіктен шығып, моншага беттей берген баланың көзі кенет өз денесіндегі су тамшыларына түсе кеткені. Олар жай тамшылар емес-ті. Күн сөулесі түскен тамшылар да бір-бір күн сияқтанып, денесімен жылтылдан жылжый-жылжый тәмен ағып барады да, жерге тамады. Бала құшағындағы құмыраны жерге қоя салып, кішкентай қарнындағы, санындағы, аяғының басындағы жылт-жылт еткен сол көп күндерге қарап тұрып, өз-өзінен сақылдан күлді.

Алақанымен әлгі көп күннің бірін ұстал алмақ та болды. Бірақ олар жылт-жылт етіп мұның алақанынан сусып кете барды.

Денесіндегі көп күн бәрібір таусылар емес. Бір күннен соң

бір күн... сосын тағы бір күн... мойнынан, шашының арасынан жылтылдаш шығып, олар да төмөн жылжып барады. Үсті-басы толған күн! Бала шаттана күліп, секіріп-секіріп кетті... Сонын жерге аунады. Бәрібір денесіндегі жылт-жылт, қызамық-қызығылт көп күн мұнымен бірге секірсе секіріп, аунаса бірге аунап өлі жүр. Бала осы жылтылдаған, қызамықтанған көп күннің өз денесінен шығып жатқан тер екенін де андамады. Егер солай болып жатқанын біреу тәптіштеп айта қалса, Дионис сөз жоқ, бұл жаңалыққа айран-асыр қалар еді. Өйткені өз денесі осынша күнге толы... және олар таусылмақ емес дегенге қалайша танданбасқа...

Монша ішінен атасының: “Дион-ис-с!” — деген айқайы естілмегендеге, бала денесіндегі тамшы-күндерді тағы да қанша уақыт қызықтарын кім білсін.

Атасының дауысы шықкан бойда-ақ Дионис сасқалақтап, өуелі құмыраға қарай ұмтылды. Сонын құмыраны құшақтап, монша баспалдағымен өрлең келе жатып та көзін сыйырайтып, аспандағы күн мен денесіндегі тамшы-күндердің үқастықтарына тағы бір рет көз жеткізгісі келгендей, кезек-кезек қарады.

...Қонақтар моншадан қараңғы түскенде барып шықты. Әңгіме-дүкендері моншадан кейінгі дастарқан кезінде де таусылған жоқ. Шарап толы құмыралар босап жатты. Әсіресе оқуға аттанғалы жүрген Дионистің атына тілектерін аямады. Олардың шынайы тілектерін бас шұлғып отырып Аркисалайды ғана емес, Дионистің де есін шығарып жіберген.

...Алықса оқуға кетіп... оқып-оқып... ақылы да, бойы да өсіп, күндердің күні болғанда тау арасындағы мына үйге қайта келіп тұру тәтті қиялды еді. Сонда атасы мұны қалай қарсы алар еді?! Қалай құшақтап, сүйер еді... Қарқылдаш, мәз болып қүлер еді!

Бұл көріністер баланың арманы-тын... Шынтуайтында, ол оқу дегеннің не екенін де соншалық анық білмейтін. Тек қана оқып келсе... атасының қатты қуанарын ғана жүрегі сезуші еді.

Шарапқа мас болған қонақтар тұннің бір уағына дейін ән атыып, би биледі. Әсіресе Перикл мен Пелидтің мас болғандары қызық еді. Жалтырбас Перикл моншадан шығарда-ақ кекештеніп қалған. Есесіне Пелид көп... көп сөйлеп, өзін тыңдаудан қашқақтаған Периклді етегін қаптаған мүк басқан үйдің бұрышына қамап тұрып, екіленіп сөйлеп